

«Eskene LPG» ЖШС-нің 08.11.2024 ж. KZ19RYS00857606
көзделіп отырған қызметі туралы өтініші бойынша ұсыныстар
мен ескертулердің жиынтық кестесі
Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 27.11.2024 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: Атырау облысы бойынша экология департаменті Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Атырау облысы бойынша экология департаменті Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 08.11.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 08.11.-27.11.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Атырау облысы бойынша экология департаменті	1. Кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) құрту жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес, қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия алуға міндетті. Осыған байланысты қалдықтарды қауіпті қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) жоюға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беруді қамтамасыз ету қажет. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 320-бабының 2-тармағының талаптарын сақтау қажет, Қалдықтарды жинақтау орындары: 1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға. Экологиялық кодекстің 238-бабының 2-тармағына сәйкес, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ жерді бүлдіруге байланысты құрылыс және басқа да жұмыстарды орындау кезінде өзге де тұлғалар:

		1) өздері алып жатқан жер учаскелерін одан әрі мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйде ұстауға; 2) жерді бүлдіруге байланысты жұмыстарды бастағанға дейін топырақтың құнарлы қабатын алуға және оны сақтауды әрі кейіннен бүлінген жерлерді рекультивациялау мақсатында пайдалануды қамтамасыз етуге; 3) бүлінген жерлерді рекультивациялауды жүргізуге міндетті. Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес, IV және V сыныптардағы объектілерге арналған СҚА алаңының кемінде 60 пайызын (бұдан әрі – %), II және III сыныптардағы объектілерге арналған СҚА алаңының кемінде 50%, I сыныбындағы объектілерге арналған СҚА алаңының кемінде 40% барынша көгалдандыруды тұрғын үй құрылысын салу жағынан ағаш-бұта көшеттері жолағын міндетті түрде ұйымдастыра отырып көгалдандыру көзделеді. СҚА алаңын көгалдандырудың көрсетілген үлес салмағын орындауға мүмкіндік болмаса (объектілермен тығыз құрылыс салу кезінде, сондай-ақ объекті елді мекендерден алыс шөл және шөлейт жерлерде орналасқан кезде) СҚА жобасында міндетті түрде негіздей отырып, құрылыс салудан бос аумақтар мен жақын елді мекендердің аумақтарын жергілікті атқарушы органдары келісімі бойынша көгалдандыруға жол беріледі. Көгалдандыру бойынша іс-шараларды жүргізу және газға төзімді отырғызу материалын таңдау кезінде, кәсіпорын орналасқан ауданның табиғи-климаттық жағдайлары ескеріледі. Осыған орай, авто жанар-жағар май аймағына көгалдандыруды табиғат қорғау іс-шаралар жоспарына қосу қажеттігін міндеттейді.
2	Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Eskene LPG» ЖШС-нің KZ19RYS00857606 жобасы бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтініші Қазақстан Республикасы Экология Кодексінің талаптарына сәйкес www.gov.kz сайтына жүктеліп, жобаға қатысты ескертпелер мен ұсыныстар болмағандығын хабарлайды. Алайда, Қазақстан Республикасының Экология кодексінің барлық талаптары сақталуы қажет екендігін қаперге береді.
3	Мақат ауданының әкімі	Аудан әкімдігі, Сізге Мақат ауданында орналасқан «Eskene LPG» ЖШС-нің Атырау қаласында УКПНИГ-нен сұйытылған мұнай газын бөлу

		зауытына дейін сұйытылған мұнай газ құбырын салу жобасына түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар мен ескертпелер жоқ екендігін хабарлайды.
4	«Су ресурстарын пайдалануды Реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік Инспекциясы»	Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы (<i>бұдан әрі-Инспекция</i>) Атырау облысы Мақат ауданында орналасқан «Eskene LPG» ЖШС-нің Атырау қаласында УКПНиГ-нен сұйытылған мұнай газын бөлу зауытына дейін сұйытылған мұнай газ құбырын салу жобасына түзетулер енгізу бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішін қарап келесіні мәлімдейді. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қаралған судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың және басқа да құрылыстардың құрылыс орнын айқындау жөніндегі ұсыныстарын, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын, су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кабельдер, труба құбырларын және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы құжаттарды келісу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 28.09.2023 жылғы №06-01-05-03-3/1813 хатына, Атырау облысындағы өзендердің су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы қаулылары, Мамандырылған табиғат қорғау прокуратурасының және Әділет департаментінің ұстанымдарына сәйкес, Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 101 қаулыларымен күші жойылған. Осыған байланысты, жоғарыда белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішіне ұсыныстар беру мүмкіндігі жоқ екендігін хабарлайды.
5	Атырау облысы Мақат ауданы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	Мақат аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Сіздің 2024 жылдың 08 қарашадағы №04-3/2970-И шығыс санды хатыңызға сәйкес, «Eskene LPG» ЖШС-нің Атырау қаласында УКПНиГ-нен сұйытылған мұнай газын бөлу зауытына дейін сұйытылған мұнай газ құбырын салу жобасына түзетулер енгізу бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішке ұсыныс пен ескерту жоқ екендігін қаперіңізге береді.

6	Атырау облыстық орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Атырау облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексінің 68 бабының 9 тармағына сәйкес, Атырау облысы Мақат ауданында орналасқан «Eskene LPG» ЖШС-нің Атырау қаласында УКПНиГ-нен сұйытылған мұнай газын бөлу зауытына дейін сұйытылған мұнай газ құбырын салу жобасына түзетулер енгізу бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы келіп түскен өтінішке қатысты ұсыныстар жоқ екенін қаперіңізге бере отырып, алайда ескерту ретінде сол аумақтардан күзгі, көктемгі жабайы құстардың миграциясы өту мүмкіндігіне байланысты жобадағы жұмыстарды жүргізу барысында Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен пайдалануды қорғау туралы Заңының 17-ші бабының 1,2-ші тармақшаларына сәйкес заң талаптарын қатаң сақтауды талап етеді.
7	Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті	Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы (<i>бұдан әрі-Инспекция</i>) Атырау облысы Мақат ауданында орналасқан «Eskene LPG» ЖШС-нің Атырау қаласында УКПНиГ-нен сұйытылған мұнай газын бөлу зауытына дейін сұйытылған мұнай газ құбырын салу жобасын қарап келесіні мәлімдейді. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қаралған судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың және басқа да құрылыстардың құрылыс орнын айқындау жөніндегі ұсыныстарын, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын, су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын, кабельдер, труба құбырларын және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы құжаттарды келісу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 28.09.2023 жылғы №06-01-05-03-3/1813 хатына, Атырау облысындағы өзендердің су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы қаулылары, Мамандырылған табиғат қорғау прокуратурасының және Әділет департаментінің ұстанымдарына сәйкес, Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 101 қаулыларымен күші жойылған.

		Осыған байланысты, жоғарыда белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішіне ұсыныстар беру мүкіндігі жоқ екендігін хабарлайды.
8	Атырау облысының төтенше жағдайлар департаменті	Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 7-тармағына сәйкес, Мақат ауданында орналасқан "Eskene LPG" ЖШС бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін мәлімдейді.
9	Қоғамдық мүшесі	Жауап түскен жоқ.